

политические устремления южных и северных кыргызов, которые руководствовались различными интересами и целями. Южные кыргызы видели себя частью Кокандского ханства, активно участвуя во всех его политических перипетиях, законно претендуя на близость к престолу. Они активно защищали Кокандское ханство. Северные кыргызы стремились создать собственное государство, видя в соседнем государстве своего врага, который всеми силами препятствует созданию кыргызского ханства. Они выбирают путь добровольного присоединения к России, участвуют в российской военной экспедиции против Кокандского ханства.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН МУЗЫКАЛЫҚ-ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТ

Тулбаева З.К.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қаласы

Ғылыми жетекшісі: Жакаева С.А.

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қаласы

Аннотация. Мақалада оқушылардың қабілеттерін дамыту үшін музыкалық-театрландырылған іс-әрекеттердің маңыздылығы ашылып көрсетілген. Сонымен қатар театр және театрлық ойындардың анықтамасы беріліп, түсіндіріліп кетті. Және де театрландырылған ойынды дамытудың негізгі бағыттарының мәселелері қозғалды. Театрланған іс-әрекет баланың шығармашылығы үшін үлкен мүмкіндіктерді ашады, оған іс-қимылдарды дыбыстауға, орындау үшін музыкалық аспаптарды, өз кейіпкерінің бейнесін таңдауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: коммуникативті сапа, диалог, монолог, театрлық ойын, театр, дамытушы ойындар, қуыршақ театры

Аннотация. В статье раскрывается значение музыкально-театральной деятельности в процессе развития способностей школьников. Затронуты вопросы основных направлений развития театральной пьесы, дается определение понятия театральных игр. Театральное действие открывает большие возможности для развития творчества ребенка, позволяет ему проигрывать действия, выбирать музыкальные инструменты для исполнения, представлять образ своего персонажа.

Ключевые слова: театральная пьеса, театр, развивающие игры, театр кукол, коммуникативное качество, диалог, монолог, музыкальные инструменты.

Annotation. The article reveals the importance of musical and theatrical activity for the development of the abilities of schoolchildren. In addition, a definition of the concept of theatrical games was given and explained. The issues of the main directions of the development of theatrical play were touched upon. Theatrical action opens up great opportunities for the child's creativity, allows him to record actions, choose musical instruments for performance, the image of his character.

Keywords: communicative quality, dialogue, monologue, theatrical play, theater, educational games, puppet theater

Қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық ғылым өнердің барлық түрлері балаларда тек көркем қабілеттерді ғана емес, сонымен қатар "дамыған бола отырып, адам қызметінің кез келген саласында іске асырылатын әмбебап адам болуға тиіс" - шығармашылыққа қабілетті дамытатыны туралы мәліметке ие. Баланың өнермен кездесуі ерте болған сайын, осы қабілеттіліктің даму процесі неғұрлым тиімді болады.

Шығармашылық құндылығы, оның қызметі нәтижелі жағынан ғана емес, шығармашылық үрдісінің өзінде де. Осының барлығы музыкалық-театрландырылған

қызметке де толық қатысты. Дәл осы музыкалық-театрландырылған іс-әрекет оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етуі мүмкін. Шығармашылық қабілеттерін дамытумен байланысты педагогикалық мәселелер Л. В. Выготский, Б. М. Теплов және т.б. ғалымдар шығармашылық қабілеттерін дамытумен байланысты педагогикалық мәселелерді әзірлеуге көп талант, ақыл және энергия салды.

Біздің зерттеу тақырыбы үшін маңызды болып Б. М. Тепловтың көзқарасы болып табылады:

а) бұл бір адамды екіншісінен ерекшеленетін жеке-психологиялық ерекшеліктер;

б) бұл тек қана қызметтің табысты орындалуына қатысы бар ерекшеліктер;

в) бұл қабілеттер адамның біліміне, шеберлігіне және дағдыларына байланысты емес.

Алайда Б. М. Теплов шығармашылық қабілеттерінің сипатты сипаты ретінде қызметтің немесе оның өнімдерінің жаңалығының белгісін көрсетпейді, бірақ қызметтің табыстылық белгісін көрсетеді [2].

Мысалы, В. И. Андреев, В. Г. Крысько, Т. А. Стефановская, В. Д. Шадриков және т.б. сияқты зерттеушілер тұлғаның шығармашылық қабілеті - тұлғаның қасиеттері мен ерекшеліктерінің синтезі деп жазады, "олардың оқу-шығармашылық қызметтің белгілі бір түрінің талаптарына сәйкес келу дәрежесін сипаттайтын және оның нәтижелілік дәрежесін шарттайтын қабілет" [5].

А. Н. Лук шығармашылық қабілеттерге жатқыздырады: мәселелерді іздеудегі төзімділік;

1. ойлау операцияларын дұрыс құрастыру қабілеті;

2. тәжірибені қарап үйрену қабілеті;

3. қабылдау тұтастығы;

4. түсініктердің жақындасуы;

5. жадыда сақтау;

6. ойлау икемділігі;

7. бағалау қабілеті;

8. тіркеу және айыру қабілеттілігі;

9. идеяларды жасау жеңілдігі;

10. болжау қабілеті;

11. тез сөйлеу;

12. пысықтау қабілеті;

13. шығармашылық әлеуетті [7].

Бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ал ойынның өзі бірнеше түрге бөлінеді: дидактикалық, қимылдық, сюжеттік т.б. ойын мазмұны жағынан толысып дамып, дәстүрлі жалғасып келеді. Ойын еш уақытта да дамудың бір сатысына жеткенде тоқтап қалмайды, жетіле түседі. Сәбилерге де, ересектерге де арналған ойындар бар, олар адам өмірінің әр кезеңін қамтиды. Ойын тәрбиенің барлық саласымен, өнермен ұштасып жатады. Әртістердің сахнада өнер көрсетуі - ол да ойынның бір түрі. Ал адамдар театрға барып спектакль көріп, одан рухани ләззат ала отырып, жағымды, жағымсыз бейнелерді талқылайды. Театр – тәрбие ошағы.

Десек те, театрлық ойындардың мәнін әлі де аша алмай келеміз. Өйткені бүгінгі таңда республика көлеміндегі мектептерде театрлық ойындарға деген сұраныс болғанымен, нақты әдістемелік нұсқау жоқ. Міне, тақырыбымыздың да сонылығы, көкейтестілігі де осында.

Театр – балаларға түсінікті өнертүрі, олқазіргі педагогика мен психологиядағы:

- Эстетикалық талғамын қалыптастыруға;
- Адамгершілік тәрбиесіне;
- Тұлғаның коммуникативті сапасын дамытуға (қарым-қатынастың түрлерін үйрету);
- ерік-жігерін тәрбиелеп, ес, қиял, тілін (диалог және монолог) дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдебиетінде бастауыш сынып оқушылардың театр қызметі өте қызықты. Тек авторлардың ойын-драматизация мәніне көзқарастары баяндалатын жұмыстар ғана белгілі, сондай-ақ оны дамыту бойынша ұсыныстар беріледі. Ал әдістемелік әдебиеттер беттерінде оқушылардың театралды-ойын қызметін ұйымдастыру бойынша педагог-практиктердің тәжірибесі кеңінен баяндалады.

Бұл бірінші кезекте театр қызметі бойынша А. П. Ершованың "мектептегі театр сабақтары", А. В. Щеткиннің "балабақшадағы театр қызметі", Д. С. Маханеваның "балабақшадағы театралды қызмет" атты белгілі бағдарламалары. Аталған бағдарламалар мен әдістемелік ұсынымдар оларда балалардың көркем-эстетикалық тәрбиесін, соның ішінде театр құралдарымен қалыптастыру мәселелері қарастырылатынын біріктіреді.

Баланың шығармашылыққа дайындығын келесі қасиеттерді сақтай отырып қалыптастыру мүмкін болады:

- қоршаған ортаны шығармашылықпен қабылдауға мүмкіндік беретін назар және бақылау;
- қиял мен фантазия кез келген шығармашылық қызмет үшін басты шарт болып табылады;
- қоршаған ортада бағдар ала білу;
- еркін жады және реакция жылдамдығы;
- батылдық пен тапқырлық;
- өз іс-әрекеттерін серіктестермен келісе білу;
- жалпы ойлау процесін белсендіру.

Ең бастысы, театр баланың рухани және шығармашылық қырынан ашады және оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне шынайы мүмкіндік береді.

Театрлық ойын – мектеп жасындағы балалар ойының бірі бола отырып, адамгершілік мәндегі әдеби не фольклорлық шығармаларды түсіндіру және осы ойынға қатыстыру барысындағы әлеуметтендірудің тиімді құралы болып табылады. Бұл ойын ұжымдық сипатта болады және жағымды өзара әрекет тәсілдерін меңгеруге, достық, жолдастық сезімдерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Театрлық ойындарда эмоциональдық дамуы жүзеге асады: балалар кейіпкердің сезімі, көңіл күйімен танысады, олардың сыртқы келбетін сипаттай отырып, себебін түсінеді. Тіл дамыту үшін де (диалогты және монологты сөйлеуді қалыптастыру, көркем мәнерлі тілін жетілдіру) театрлық ойындардың маңызы зор. Ақырында театрлық ойындар баланың өзін танып көрсету және өз қабілетін іске асыру құралы болып табылады [6].

Соған қарамастан мектептерде театрлық ойындардың даму қарқыны жеткілікті жүзеге асырылмай келеді. Оны ойынды ұйымдастыру тәсіліндегіекі қарама-қарсы себеппен түсіндіруге болады. Бірінші себепке сәйкес театрлық ойындар мерекелерде ең бастысы «көрініс» ретінде пайдаланылады. Жақсы нәтижеге жету үшін жеке не ұжымдық дайындықтарды педагогтар балалармен бірге мәтінді ғана емес, дауыс екпінін және қимыл-қозғалысты жаттауға мәжбүр болады. Баланы «жақсы әртіс» болуға үйретеді. Нәтижесі қандай десеңші, көрініс қойылды, көрермендерге ұнады. Бірақ осылайша меңгерту дағдысы балалардың еркін әрекетіне кешірілмейді. Әрине, көрініс көрініске, дайындықтың өзі де ойынға ұқсамайды.

Театрлық қызметтің мазмұны:

- қуыршақ театрының қойылымдарын көру және талқылау;
- балалардың әлеуметтік-эмоциялық дамуына арналған жаттығулар кешені;
- түзетімдеу-дамытушы ойындар;
- дауыс ырғағын қалыптастыруға арналған жаттығулар (артикулярлық гимнастика);
- қолдар қозғалшықтығын дамытуға арналған тренингтер;
- ымдауды, мимиканы қалыптастыруға арналған жаттығулар;
- театрлық этюдтер;
- әр түрлі ертегілер қойылымы;
- ертегіні драмалау құралдарымен (ымдау, қозғалыстар, сахналық көрінісжәнет.б.) жұмыс.

Театрлық әрекеттерге тек балалар, тәрбиешілер ғана емес, сондай-ақ аналар да белсенді қатысады.

Шығармашылық, әртістік қабілеттіліктерді дамытуға оңды ықпал ету, балалар қиялының даму ерекшеліктерін дәл айқындау және олардың даму деңгейін дұрыс бағалау үшін жұмыс нәтижелерін тіркеп отырған жөн. Мысалы:

- диагностика (қазан-қаңтар-мамыр);
- қуыршақ театры спектакльдерін көрсету;
- ертегілерді драмалау;
- шаралар ұйымдастыру (жыл бойы);

Көздейді:

- психофизикалық қасиеттердің (мимика, пантомимика), психикалық үдерістердің (қабылдау, қиял, ойлау, жад, зейінжәнет.б.), сөйлесу тілінің (монолог, диалог), шығармашылық қабілеттердің (еліктеу, бейне жасау, өзіне рөл таңдау) дамуын;

- балалардың театрлық ойындарға қатысуын: өлеңдер, жұбаныш ойындары, қысқа қойылымдар; қуыршақтарды, ойыншықтарды және басқаларын пайдалана білуді (бибао, көлеңкелер, саусақтар, фланелеграфтар);

- театрлық тәжірибені молайтуды: театр және оның тарихы, мамандары туралы; киім үлгілері мен сөздігі туралы білімді;

- ата-аналармен бірге қуыршақтарды, ойыншықтарды, бетперделерді, киім үлгілерін таңдау мен дайындауды, ата-аналар театрын - «Біздің театрды», «Отбасылық театрды» құруды, Театр күнін бірге атап өтуді.

Театрландырылған ойындардың сипатты ерекшеліктері мазмұндарының әдеби немесе фольклорлық негізде және көрермендерінің болуы болып табылады. (Л.В.Артемова, Л.В.Ворошина, Л.С.Фурмина және басқалар). Оларды топқа: драмалау мен режисерлікке бөлуге болады[8].

Драмалау ойындарында бала рөлді «артист» ретінде орындай отырып, ауани және ауани емес көркемдік құралдар кешенінің көмегімен бейнені өздігінен жасайды. Бұл жерде суырып салудың орын алуы мүмкін, ол тек мәтінге ғана емес, сондай-ақ сахналық көрініске де қатысты болуы мүмкін.

Режисерлік ойында «әртістер» ойыншықтар немесе оның орынбасарлары болып табылады, ал бала қызметті «сценарий жазушы және режиссер» ретінде ұйымдастыра отырып, артистерді басқарады. Кейіпкерлерді дыбыстай және сюжеткетүсініктеме бере отырып, ол әртүрлі ауани және ауани емес құралдарды пайдаланады, бұл жерде дауыс екпіні мен мимика неғұрлым маңызды болмақ.

Л.В. Артемова режиссерлік ойындарды меатептерде пайдаланылатын театрлардың алуан түрлілігіне сәйкес: үстелүстілік, жазықтық, бибао, саусақтық, қуыршақтық, көлеңкелік және басқалар деп жіктеуді ұсынады.

Театрландырылған ойынды дамытудың негізгі бағыттары

Жасы кіші мектеп жасына дейінгі балалармен - баланың театрландырылған қойылымды ересек адамның орындауын бақылаудан біртіндеп дербес ойындық қызметке көшуінен; жеке және «қатар ойнаудан» рөл ойнайтын 3-5 құрдасынан тұратын топта ойнауға; фольклорлық және әдеби кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне еліктеуден кейіпкердің негізгі эмоцияларын беруді және ойын- драмалауда қарапайым «үлгілік» бейнені жасау ретінде рөлді игерудің үйлесіміндегі еліктеуге дейін өтуден тұрады.

Орта жастағы мектеп жасына дейінгі балалармен – баланың «өзі үшін» ойынынан көрерменге бағдарланған ойынға қарай біртіндеп өтуден; ең бастысы үрдісті де, нәтиже де маңызды болатын ойынға; тақылеттес («параллель») рөлдерді орындайтын құрдастарының шағын тобындағы ойыннан рөлдік позициялары әр түрлі (тең құқықты, бағыну, басқару) 5-7 құрдасының тобындағы ойынға; ойын- драмалауда жай «үлгілік» бейнені жасаудан кейіпкердің эмоциялары, көңіл- күйі, жағдайы, олардың алмасуы үйлесетін біртұтас бейнені жасауға дейін өтуден тұрады.

Жасы үлкен мектеп жасына дейінгі балалармен – баланың бір әдеби немесе фольклорлық мәтін бойынша ойынынан баланың сюжетті еркін құруы түсінілетін ойынға біртіндеп өтуден, онда әдеби негіз оны баланың еркін түсіндірмелеуімен үйлеседі немесе бірнеше туынды біріктіріледі; кейіпкер ерекшеліктерін беру үшін көркемдік құралдар пайдаланылатын ойыннан кейіпкер бейнесі арқылы өзін-өзі білдіру құралы ретіндегі ойынға; орталық «артист» болып табылатын ойыннан «артист», «режиссер», «сценарийші», «безендіруші», «киімші» позициялары болатын кешен ұсынылатын ойынға , алайда бұл кезде әрбір баланың қалауы жеке қабілеттіктері мен қызығушылықтарына байланысты оладың біреуіне түседі; театрландырылған ойыннан жеке тұлғаның өзін- өзі көрсетуі мен қабілеттіліктерін іске асыру құралы ретінде театрлық- ойындық қызметке дейін өтуден тұрады.

Балаларды театрландыруды пайдалана отырып, музыкалық сабақтарды табысты өткізу үшін мынадай жабдықтардың болуы қажет: балалар музыкалық аспаптары, музыкалық ойыншықтар, үстел үсті музыкалық-дидактикалық ойындар, музыкалық-театр қызметіне арналған жабдықтар, ойындарға арналған атрибуттар мен костюмдер, экрандық, дыбыстық құралдар және классикалық музыка жазулары мен балалардың музыкалық репертуары бар оларға арналған арнайы жабдықтар[1].

Музыкалық залда пәндік-кеңістіктік эстетикалық дамыту ортасын жасай отырып, балаларды музыкалық тәрбиелеу жөніндегі арнайы әдебиетті, келесі авторларды, Н. А. Ветлугина, Л. А. Горохова, Т. Н. Макарова, М. Б. Зацепина, О. П. Радинова және т.б. және тәрбиешілер мен меңгерушілерге арналған "балабақша үшін материалдар мен жабдықтар" құралын, т. Н. Доронова, Т. И. Ерофеева, Н. А. Короткова, М. А. Рунова, 2003 ж. редакциясымен ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тізбелерін басшылыққа алды. Қазіргі заманғы "мектепке дейінгі тәрбие тұжырымдамасын" қамтамасыз ететін мектепке дейінгі балалар қызметінің түрлері [5].

Балаларды музыкалық-театрландырылған қызметке тарту түрі Шығармашылық орындаушылық қызмет болып табылады, ол әр түрлі түрлерде (музыкалық аспаптарда ойнау, спектакльге қатысу, музыка ырғағы, қозғалыс және би т.б.) жүзеге асырылуы мүмкін.

Балалардың музыкалық-театрландырылған іс-әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың *педагогикалық технологиясының мақсаты* музыкалық-

театрландырылған іс- әрекет, музыкалық және әдеби өнер құралдары арқылы ойын іскерліктерін дамыту.

Педагогикалық технологияның қысқаша теориялық негіздемесі:

1. Әдеби шығарманың сюжеті мен музыкалық бейнесі музыкалық-театрландырылған ойын қызметінің мазмұнды кезеңі болып табылады.;

2. Сюжетті құрастыру шеберлігі-бұл музыкалық-театрландырылған ойын әрекетінің негізгі құрамдас бөлігі, себебі сюжеттік желіні ойлап табу-бұл ойын, соған сәйкес бала олардың реттілігін, рөлдік өзара әрекеттесудің ерекшеліктерін бөледі. Шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға не ықпал етеді;

3. Музыкалық-театрландырылған ойын әрекеттерінің сюжеттерін байыту мен дамытудың ең тиімді педагогикалық шарты музыкалық өнер болып табылады. Музыка қиялды, шығармашылық ойлауды дамытады

4. Музыка және балалар әдеби шығармалары балалар ойындарының сюжеттерін байыту құралы болып табылады, өйткені олар эмоционалдық, бейнелі. Музыка қозғалмалы. Сол арқылы балалар үшін тартымды, ол көптеген идеяларды, ойларды, бейнелерді қамтиды, қиялдауға итермелейді.

Балаларды театрландыруды пайдалана отырып, музыкалық сабақтарды табысты өткізу үшін мынадай жабдықтардың болуы қажет: балалар музыкалық аспаптары, музыкалық ойыншықтар, үстел үсті музыкалық-дидактикалық ойындар, музыкалық-театр қызметіне арналған жабдықтар, ойындарға арналған атрибуттар мен костюмдер, экрандық, дыбыстық құралдар және классикалық музыка жазулары мен балалардың музыкалық репертуары бар оларға арналған арнайы жабдықтар.

Музыкалық залда пәндік-кеңістіктік эстетикалық дамыту ортасын жасай отырып, балаларды музыкалық тәрбиелеу жөніндегі арнайы әдебиетті, келесі авторларды, Н. А. Ветлугина, Л. А. Горохова, Т. Н. Макарова, М. Б. Зацепина, О. П. Радинова және т.б. және тәрбиешілер мен меңгерушілерге арналған "балабақша үшін материалдар мен жабдықтар" құралын, т. Н. Доронова, Т. И. Ерофеева, Н. А. Короткова, М. А. Рунова, 2003 ж. редакциясымен ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тізбелерін басшылыққа алды. Қазіргі заманғы "мектепке дейінгі тәрбие тұжырымдамасын" қамтамасыз ететін мектепке дейінгі балалар қызметінің түрлері [3].

Балаларды музыкалық-театрландырылған қызметке тарту түрі Шығармашылық орындаушылық қызмет болып табылады, ол әр түрлі түрлерде (музыкалық аспаптарда ойнау, спектакльге қатысу, музыка ырғағы, қозғалыс және би т.б.) жүзеге асырылуы мүмкін.

Балалардың музыкалық-театрландырылған іс-әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың *педагогикалық технологиясының мақсаты* музыкалық-театрландырылған іс- әрекет, музыкалық және әдеби өнер құралдары арқылы ойын іскерліктерін дамыту.

Педагогикалық технологияның қысқаша теориялық негіздемесі:

Осылайша ұйымдастырылған жұмыс театрландырылған ойынның шығармашылықтың әралуан түрлерінде баланың өзін-өзі мүмкіндіктерін іске асыруына, құрдастарының тобында өзін-өзі бекітуге жағдай жасайтын болады. Ал мектеп жасындағы балалардың өмірі ойын мен өнердің әр түрлерін біріктіру есебінен қызғылықты бола түседі, олар театрландырылған-ойындық қызметтен өз көрінісін табады.

Театрленген іс-әрекет баланың шығармашылығы үшін үлкен мүмкіндіктерді ашады, оған іс-қимылдарды дыбыстауға, орындау үшін музыкалық аспаптарды, өз кейіпкерінің бейнесін таңдауға мүмкіндік береді.

Театр-ойын қызметін интеграциялау процесінде көркемдік-шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру шарттары анықталды. Тәжірибелік-эксперименталды

жолмен олардың тиімділігі тексерілді: көркем-эстетикалық орталық құру; эстетикалық дамыту ортасы; шығармашылық қарым-қатынас ортасы (шығармашылық жұмыс процесінде педагогтар мен балалардың, мұғалімдер мен оқушылардың өзара іс-қимылы; қосымша білім беру педагогтарының, мұғалімдердің бір көркемдік іс-әрекет айналасында өзара іс-қимылы; өнер айналасында ұжымдық жұмыста оқушылардың шығармашылығы).

Әдебиеттер тізімі:

1. Музыка әлемінде (Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал) № 6(6) 2004
2. Балабеков Е. Қазақтың музыкалық фольклоры. - А., 2007
3. Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық/[бас.сарапшы Әшірбек Сығай]. - Алматы, 2005.
4. Анисимов В.П. Диагностика музыкальных способностей / В.П. Анисимов. - М.: Владос, - 2004. - 127 с.
5. Музыкальный театр. Выпуск 2. - М.: Музыка, 2015. - **358** с.
6. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. Алматы., 1990
7. Абудеева, Н. Б. Музыка. 2-8 классы. Художественно-образное развитие школьников. Разработки уроков / Н.Б. Абудеева, Л.П. Карпушина. - М.: Учитель, 2010. - 160 с.
8. Алексеева, Л. Л. Театр песни. Искусство bel canto / Л.Л. Алексеева. - М.: Просвещение, **2010**. - **493** с.
9. Коренева, Т. Ф. Музыкальные ритмопластические спектакли для детей дошкольного, младшего и среднего школьного возраста. В 2 частях. Часть 1 / Т.Ф. Коренева. - М.: Владос, 2012. - 152 с.

УДК 94.054

УЧАСТИЕ КАЗАХСТАНЦЕВ В ОСВОБОЖДЕНИИ УКРАИНЫ В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Туякова Айгуль Сержановна

Магистрант 2 курса обучения по специальности 6М020300-История
КГУ имени А. Байтурсынова, г.Костанай

Научный руководитель: Колдыбаева Светлана Сагинбековна
кандидат исторических наук, доцент КГУ имени А.Байтурсынова, г.Костанай

Аннотация. Социальная история, освободившись от идеологического диктата, стала приоритетным направлением научного поиска в отечественной науке Украины и Казахстана, предметом которой стал конкретный человек, участник войны. Под таким углом мы сможем увидеть и показать участие и роль казахов в освобождении Украины.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, монографические исследования, военные операции, звания Героя Советского Союза.

Annotation. Social history, freed from ideological dictates, has become a priority area of scientific research in the domestic science of Ukraine and Kazakhstan, the subject of which was a specific person, a participant in the war. From this angle, we can see and show the participation and role of the Kazakhs in the liberation of Ukraine.